

БАЛА АСЫРАП АЛУ ИНСТИТУТЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Сотта талқылау сатысында баланы асырып алуды қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Бала (қыз) асырап алу мәселелеріне қатысты заңнаманы жетілдіруге байланысты кейбір ұсыныстар енгізіледі. Бала асырап алудың құқықтық табиғатына қатысты әртүрлі ғалымдардың ойлары мен оның мақсатқа лайықтылығына талдау жасалады.

Тірек сөздер: азаматтық іс жүргізу, ерекше сот өндірісі, бала (қыз) асырап алу, неке, отбасы.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы обеспечения усыновления на стадии судебного разбирательства. Вносятся некоторые предложения по совершенствованию законодательства, касающиеся вопросов усыновления (удочерения) ребенка. Анализируются мнения ученых относительно правовой природы усыновления ребенка и ее практической целесообразности.

Ключевые слова: гражданский процесс, особое производство, усыновление (удочерение), брак, семья.

Abstract

This article analyses the problem of maintaining the secrecy of adoption at the trial stage. The author makes certain proposals regarding the improvement of adoption legislation and analyses different scholarly perspectives on the legal nature of secrecy of adoption and its practicality.

Keywords: civil practice, special proceedings, adoption, marriage, family.

Қазақстан Республикасында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер орын алған кезеңде, бүкіл қоғамдық өмір демократиялық жаққа бет бұрып, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепілдерін қамтамасыз ету мәселелері ерекше маңыздылыққа ие болып отыр. Қазақстан Республикасы Конституцияның 1-бабы жоғары құндылық ретінде адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын таниды. Отбасы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету азаматтық заңнаманың да ең маңызды міндеті болып табылады [1].

Аталған мәселе Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялаймын. Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар, балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпы әлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлерінің салынуын көтермелеуі қажет. Ерлердің әйелдер мен балаларға мүлдем жауапсыз көзқарас танытқан оқиғаларының саны өсуде. Бұл біздің дәстүрімізге, мәдениетімізге тіптен жат. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты, – деп атап көрсетті [2].

Жетімдер проблемасы Қазақстан аумағында сонау 1917 жылдың Октябрь төңкерісі кезеңінен бастау алғанын баса айтуымыз керек сияқты. Өйткені осы кезден бастап-ақ көшпенді қазақ ұлтының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан материалдық, этнологиялық, адами-саналық дәстүрлері және де қалыпты тіршілік етуге лайықталған басқа да атрибуттарына зор нұқсан келтіріліп, жетім қазақ жұртының одан әрі эволюциялық жолмен дами беруіне үлкен тосқауыл қойылды. Жалпы қазақ ұлтын әлсіретіп, оны ұлт ретінде жою процесі, тіпті, одан әрі ертеректе, сонау XIX ғасырдың бас кезінен басталғаны бәріне аян. Сол қиын заманда таршылық көрмеген жетімдеріміз дәл қазір егеменді ел болып, керегемізді кең салғанда кең байтақ жерімізден жаны ашыр пенде табылмай жер кезіп кеткені. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген қазақтың ұлағатты ұсынысын соңғы кезде жиі еске алуымыз керек сияқты. Бұл

аяушылық мүсіркеу емес. Бұл өз қандастарымыздың талан-таражға түспеуі шегіндегі әңгіме. Олар аяғынан нық тұрған мемлекетіміздің болашағы. Жалпы алғанда, еліміздегі жетім және асыраушысынан айырылған балаларды бағып-қағу немесе оларды бүгінгі заман талабына сай жағдайда тәрбиелеу, яғни оларға білім беру денсаулығын нығайту мақсатында мемлекет тарапынан мол мүмкіндіктер жасалып отырғанымен, әлі күнге шешімін таппай келе жатқан мәселелер шаш етекпен жетіп артылады. Соның ішінде ең маңыздысы олардың тілдік, діндік құқықтарының ел аумағында көп жағдайда ескерусіз қалып жататыны. Себебі «қарны тоқ болса, жарап жатыр» деген қағидамен жұмыс істейтін мекемедегілер қаншама қазақтың ұрпағының тамырына балта шауып жатқанымен шаруасы жоқ. «Тілі» түгілі балалар тәрбиесімен айналысатын мекемелердің арасында мемлекеттік тілде жұмыс істейтіні жоқтың қасы. Сөйтіп тас-бауыр ата-анасы жетім еткен бейшара бөбек туған мемлекеттің де өзінің туған тілінде тәрбиеленуден қағылып, ұлттық таным-түсінік, салт-дәстүрден хабарсыз, нағыз «тұл жетім» болып шыға келеді. Ата-бабаларымыздан қалған «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген ұлы сөзді тағы да осы жерде айта кеткіміз келеді. Ана мейірімін көрмеген бала ана тілін қайдан білсін, сондықтан өмірге өкпелі қатыгез жан болып өспеуіне кім кепіл бере алады? Осындай жандардың толыққанды азамат болуына да кепіл жоқ [3,56-б.].

Балаларды отбасында тәрбиелеудің бірнеше дәстүрлі нысандары бар. Ең маңыздысы бұл бала асырап алу, бала асырап алу институтының тұрақтануы туралы сөз қозғағанда оның даму тарихына көңіл аударған жөн. Арғы аталарымыздың тәжірибесіне көз тастай отырып, бүгінгі күннің ақиқатына басқа көзбен қарай аламыз, бала асырап алудың тамырлары мен тенденцияларын әлеуметтік құбылыс ретінде түсінеміз, тіпті қиын заңды жағдайдан кенет шығу тәсілін де табамыз. Бала асырап алу институты әртүрлі халықтарға ерте заманнан белгілі болып келеді. Оның пайда болуы адамдардың қажеттіліктерімен тікелей байланысты: отбасылары жоқтарға отбасының орнын ауыстыру және өз балаларының жоқ болуының орнын толтыру. Ғасырлар бойы әртүрлі елдерде бөтен баланы немесе үлкен адамды асырап алудың мақсаттары, шарттары, тәртібі, мүліктік және мүліктік емес салдары өзгеріп отырды.

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасында қамқорлықсыз қалған балалардың, оның ішінде ата-анасы тірі жетімдердің санының жыл сайын өсуін байқауға болады. Мұндай жағдайға келесі себеп болды: отбасылардың материалдық жағдайының нашарлауы, оның ішінде тұрғын үйге қатысты қиыншылықтары, неке құрылмай туылған балалар санының артуы, қоғамда қалыптасқан имандылық қағидатынан айныған ата-аналар саны дәрежесінің жоғарылығы. Бұған байланысты ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар құқықтарының және мүдделерінің қорғалуы республикамызда анағұрлым жоғары маңызды иеленеді, бұл ретте осындай қорғау тәсілдерінің бірі – балалардың ата-аналарының ата-аналық міндеттерін күшейтетін тиісті нормативті-құқықтық негіз қалыптастыру болып табылады. Мемлекет жетім балалар құқығын қорғай отырып, Қазақстанда жетімдер үйлерінің санын көбейтуге емес, отбасы және неке құндылықтары институтын нығайтуға қызмет атқаруы тиіс.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың басымдық түрі ретінде бала асырап алуды айтуға болады. Ата-анасының қарауынсыз қалған баланы асырап алу балаларды тәрбиелеудің нысаны ретіндегі артықшылықтары: бұл ең алдымен балаға өз отбасын және сол отбасы мүшесі ретінде толыққанды сезінуіне мүмкіндік туғызады; бала асырап алу бала асырап алушымен асырап алынатын бала арасында жаңа құқықтық қатынастар туғызуымен бір мезгілде баланың ата-анасы арасында отбасылық құқықтық қатынастарды тоқтатады; бала асырап алушы асырап алынған баланың мүдделеріне толық жауаптылықта болады; асырап алынған баланың құқықтары асырап алушының өз туған баласының құқықтары сияқты толық теңестіріледі; бала асырап алу мүліктік мақсаттарды көздемейді; бала асырап алу сот тәртібімен жүзеге асырылады және оның заңда белгіленген өз рәсімі бар; бала асырап алу, жалпы ереже бойынша, мерзімі шектелмейтін сипатта болады, ал оның күшін жою сот тәртібімен ғана мүмкін болады; демек, бала асырап алудың құқықтық мәні басымды заңды нысаны болып табылады, ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды орналастыру мақсатында оларды тәрбиелеу, күтіп-ұстау, білім алу және қорғау, сондай-ақ

асырап алған ата-ана құқықтары мен міндеттері туындайды; бала асырап алу адамдардың қарым-қатынастары ішіндегі ерекше түрі болып табылады.

Ілгері дамыған елдерде жетімдер мен тастанды балалар, әдетте, мемлекет тарапынан балалар мекемелерінде немесе асыраушы отбасыларында қолдау табады. Өздерін әлеуметтік деп атайтын мемлекеттерде балаларды орналастырудың неғұрлым қолайлы нысаны қамқорлықсыз қалған балаларды асырап алу болып табылады.

Бала асырап алу – ол баланың және оны тәрбиелеуге алған асырап алушының арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды айқындайды. Бала асырап алу – асырап алушы мен асырап алынушының арасында, ата-ана мен бала арасында пайда болатын қатынас сияқты құқықтық қатынасты (жеке және мүліктік) көздейтін заңды акт болып табылады.

Бала асырап алу институты дамуының негізгі мәселелеріне өз балаларымызды отандық отбасылардың бала асырап алуға тілек білдірушілер санының аздығы және шетелдік азаматтардың балаларды асырап алуға тілек білдірушілер санының көптігін, өз отандастарымыздың қамқорлықсыз қалған балаларды асырап алуға жағдайының болмауын жатқызуға болады. Оның себептеріне азаматтардың қаржылай табысының, тұрғын жай мәселесін және ең басты оны мемлекеттік қолдаудың жеткілікті деңгейде болмауы деп атап өтуге болады. Бала асырап алу институтының мақсаты – тек баланы отбасына орналастыру емес, баланың ең басты құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету болуы қажет. Баланы орналастыруда баланың мүддесі барынша есепке алынуы қажет. Бала мүддесінің элементтері этникалық, мәдени, ұлттық құндылықтары қамтуы тиіс. Бала асырап алу институтының өзекті мәселелерін шешу мақсатында мына ұсыныстар қатарын ұсынуға болады:

- Бала асырап алуға қатысты қолданыстағы заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Бала асырап алу рәсімін баламен тұрғылықты тұратын өгей әкелер мен аналарға жеңілдету қажет. Бала асырап алу рәсіміне қатысатын қорғаншы және қамқоршы органдарды, балалар үйі, бала асырап алу жөніндегі агенттіктерге бақылау күшейтілу қажет.

- Бала асырап алушыларға мемлекет тарапынан нақты әлеуметтік көмек, материалдық көмек тағы басқа да жеңілдіктер қарастырылуы тиіс. Мысалы, Еуропа мемлекеттерінің заңнамасында бала асырап алушыларға бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. АҚШ-та бала асырап алушыларға 2010 жылғы Денсаулық және білім органдарының актісі негізінде сол органдармен өтелетін арнайы несие беріледі. Несие мөлшері 13 170 долларды құрайды.

- Бала асырап алу рәсімін жүргізетін органдар қызметінің және асырап алынуға жататын балалар туралы мәліметтер ашық және қолжетімді болуы тиіс.

- Отандық асырап алушылардың жағдайын қамтамасыз ету қажет. Мысалы, АҚШ-та бала асырап алушылар мен асырап алынған балалармен жұмыс жасайтын барлық мамандық саласымен қамтылған бейімдеу орталықтары бар. Бұл орталықтар асырап алушы ата-аналар мен асырап алынған балалардың бір-біріне тез үйренуіне, қарым-қатынастарындағы кемшіліктерді сейілтуге үлкен көмегін тигізеді.

- Шетелдік азаматтар асырап алынған балаларға бақылау бар. Дегенмен бұл бақылау жеткілікті дәрежеде әлі де жүргізілмейді. Шетел азаматтары асырап алынған балалардың тағдырын бақылау бойынша халықаралық деңгейде нақты бекітілген іс-шаралар атқарылуы тиіс.

- Бала асырап алу институтын дамыту жүйесінде атқарылып жатқан іс-шаралар біздің қоғам бала асырап алу институтына көзқарасын өзгертпейінше нәтиже бермейді. Елімізде әрбір азаматтың мәдени құқықтық сана сезімі жоғары дамуы қажет. Еуропа елдерінде бала асырап рәсіміне басқаша қарайды, өздерінің балалары болмаса баласыз деген атақ алғанша өзгелердің баласын асырап алғанды жөн санайды. Баладан өздерінің биологиялық ата-анасы емес екенін жасырмайды, ал бізде керісінше бала асырап алушы ата-аналар барынша құпия сақтап басқа жерге қоныс аударып жатады. Қоғам ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тағдырымен хабардар болуы қажет. Ұрпақ жалғастырушы балалар – ең басты байлығымыз.

Бала асырап алу мәселесі әсіресе халықаралық бала асырап алу күрделі және өте нәзік тақырып. Бала асырап алу мәселелерін шешу кезінде артықшылық Қазақстандық

азаматтарға беріледі және тек балаларды оларға беру мүмкін болмаған жағдайларда ғана халықаралық бала асырап алу белгіленген. Бала асырап алу сот шешімі негізінде, азаматтардың хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Сонымен заңды күші тек сот шешімімен анықталады. Бала асырап алу туралы актінің мазмұны сот шешімімен анықталады, онда асырап алынған баланың туылуы туралы нақты қандай өзгертулер енгізілгені көрсетілуі тиіс. Бала асырап алу бойынша құқықтық қатынасты тудырушы негіз бұл күрделі заңды факт болып табылады. Бала асырап алудың барлық жағдайында да бала асырап алуға тілек білдіруші тұлға мен соттың шешімі болуы тиіс. Осы екі факті бала асырап алудың барлық құрамы үшін міндетті болып саналады. Өртүрлі жағдайларға байланысты бала асырап алу үшін қажетті құрамға өзге де фактілер жатуы мүмкін. Мұндай фактілерге баланың ата-анасы болған жағдайда ата-ананың келісімі қажет болмайтын жағдайды қоспағанда, олардың бала асырап алуға келісім беруі жатады. Ол бала асырап алуға ата-ананың келісімімен немесе егер ата-ананың келісімі керек болмаған жағдайда онсыз беріледі. Асырап алынып жатқан баланың да еркі болуы немесе болмауын жоққа шығаруға болмайды.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар құқықтары мен мүдделерінің қорғалуы балалар отбасында тәрбие алу құқығы арқылы іске асырылуы тиіс. Жетім мәселесі «Әр балаға – отбасы» қағидатына сәйкес шешілуі қажет. Бұл ретте ата-аналар қамқорлығынсыз балаларды орналастырудың түрлері ішінде бала асырап алу институтына басымдық беріледі. Осы бала асырап алуға қатысты қолданыстағы заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Бала асырап алу рәсімін баламен тұрғылықты тұратын өгей әкелер мен аналарға жеңілдету қажет. Бала асырап алу рәсіміне қатысатын қорғаншы және қамқоршы органдарды, балалар үйі, бала асырап алу жөніндегі агенттіктерге қадағалау күшейтілуі қажет. Бала асырап алушыларға мемлекет тарапынан нақты әлеуметтік көмек, материалдық көмек және тағы басқа да жеңілдіктер қарастырылуы тиіс. Жалпы, мемлекет, қоғам тарапынан назар аударылып, заңдық базаны барынша жетілдіріп, жетім балалардың мүдделерін қорғау міндеті – баршамыздың адамзаттық парызымыз деп түсінуіміз керек. Осыған байланысты бала асырап алу институтын ретке келтіріп, осы рәсімге және асырап алынған балалардың болашақ тағдырына бақылау жасауды күшейту қажет. Алдымен, осы жетім балалар жағдайына қатысты арнайы көпжылдық, тұрақты, әрі олардың құқықтары мен мүдделерін көздейтін бағдарлама әзірлеп, сол бойынша нақты әлеуметтік мәселелерді шешуіміз қажет. Еліміздегі жыл сайын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны 10 мыңға жетеді. Бұл қазір бүкіл қоғамды ойландыратын мәселе. Заңда шетелдік ата-аналар қамқорлығына берілген балаларға консульдық мекемелер арқылы бақылау жүргізу қарастырылған. Айтса да бұл бақылау толық деңгейде атқарылып жатыр деп айта алмаймыз. Қоғамда осы мәселеге қатысты сұрақтар туындаған соң, ол балалардың тәрбиесі, жағдайы қалай болып жатқанын бақылауға алуымыз керек. Шетелге асып кетіп жатқан балаларымыздың тағдырын, жағдайын бақылап тұратын арнайы жауапты комиссия құрылып, оларды жіті бақылап отыру қажет. Шетелдік ата-аналар қамқорлығындағы балалардың жағдайын көрсететін суреттер жіберіп тұру немесе баланың өзі жылына бір рет келіп тұруын қарастырғаны дұрыс. Мәселен, шетелдік азаматтар бала асырап алудың себебі ретінде ұзақ уақыт бірге тұрғанына қарамастан, ортақ некеде бала болмауын көрсетеді. Бала асырап алу рәсіміне қатысушы мемлекеттік органдар бұл мәселеге мүлде көңіл аудармайды. Аталған мәселе әлі күнге дейін түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Мұндай жағдайда бала асырап алушының еркі қалайша асырап алынған бала үшін дені сау толыққанды отбасын құруға бағытталуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйіне назар аударып отыр. Бұл әлемдегі бірінші орында тұрған мәселе. Дамыған елдерде жетім балалар мәселесі қоғамдық жобалар арқылы шешіліп келеді. Мысалы, АҚШ-та бала асырап алған адамдар немесе оған қамқорлық көрсеткен мекемелерге мемлекет және қоғам қолғабыс көрсетеді. Швецияда бала асырап алған отбасыларға қосымша қаржы беріліп, кеңес беретін психологтардың жұмысы тегін көрсетіледі. Еліміздегі мемлекеттік емес ұйым

өкілдері тастанды немесе жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар үшін жастар үйлерін ашуды ұсынған болатын. Енді бірі балалар үйлерін жанұя түріндегі үйлерге ауыстыру керектігін айтады. Оның себебін балалар үйінен бала асырап алғандардың көбісінің баланы кері қайтарып жатқанымен түсіндіреді. Жетім балалар саны артқан сайын Үкімет тарапынан бөлінетін қаржы да арта түседі. Осы орайда, әлеуметтік сала бойынша жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйым мамандары ата-анасыз қалған балаларды жекелеген отбасыларына беру керек дейді [4].

Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және өз өкілеттіктері шегінде басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ осы балалардың заңды өкілдеріне жүктеледі.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру, балаларды орналастырудың нысандарын таңдау, сондай-ақ оларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын одан әрі бақылау жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

Мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегіндегі қызметін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды іріктеу, орналастыру, беру жөніндегі қызметі бойынша делдалдық және кез келген өзге де қызметке тыйым салынады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды орындайтын басқа да ұйымдардың қызметі, сондай-ақ агенттіктердің көзделген қызметі бала асырап алу жөніндегі делдалдық қызмет болып табылмайды [5].

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына (асырап алуға, қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа, патронатқа) тәрбиелеуге, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін барлық үлгідегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауды ата-ананың қамқорлығының болмауы туралы өздеріне белгілі болған барлық жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сондай-ақ олардың мүлiктік және жеке мүлiктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

Қамқорлыққа алынушылар білім беру ұйымында немесе медициналық ұйымда тәрбиеленуде немесе емделуде болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың қорғаншылары немесе қамқоршылары өздерінің қамқорлығына алғандармен бірге тұруға міндетті. Бұл қамқорлыққа алынушының тәрбиесіне және оның құқықтары мен мүдделерін қорғауға қолайсыздық туғызбайтын болса, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның рұқсатымен қамқоршының он алты жасқа толған қамқорлыққа алынушыдан бөлек тұруына жол беріледі.

Қорғаншының немесе қамқоршының өз міндеттерін тиісінше атқармауына, оның ішінде қорғаншылықты немесе қамқоршылықты жеке басының мақсаттарына пайдалануына не қамқорлыққа алынушыны қадағалаусыз және қажетті көмексіз қалдыруына тыйым салынады.

Қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану немесе қорғаншының немесе қамқоршының не қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның өтініші бойынша оның әрекет қабілеті шектелуінің күшін жою туралы сот шешім шығарған жағдайларда кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық тоқтатылады.

Қамқорлыққа алынған жас бала он төрт жасқа толған соң оған қорғаншылық тоқтатылады, ал қорғаншылық міндетін жүзеге асырған адам бұл туралы қосымша шешімсіз кәмелетке толмаған баланың қамқоршысы болады [6, 14-б].

Сонымен Қазақстан Республикасы ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға қамқорлық арнасын бірте-бірте кеңейтіп келеді. Дегенмен, балалардың құқықтарының қорғалуына кешенді қадамдар жасалуы жағымды нәтижелерге әкелуі мүмкін. Осындай қадамдардың бірі ретінде қоғамдық іс-шаралардың жүзеге асырылуы мақсатты болар еді. Мәселен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған бағдарламалар санының көп болуы және ата-аналардың өз балаларына қатысты жауапкершілігін күшейтуге қатысты шаралар аталған мәселенің шешілуіне оң септігін тигізеді деп пайымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы.
- 3 Құрманалиева Б. Х. Ақылбекова А. Б. Қазақстан Республикасындағы бала құқығы және бала асырап алу мәселелері. Библиогр: // Ғылым-Наука. –2012. – № 2. – 56-бет.
- 4 Төрәлі А. С. Патронаттық тәрбие – жетімдіктің алдын алу // <http://infourok.ru>.
- 5 Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
- 6 Айтжан Б. Е., Шіркінбаев Т. Б. Отбасы құқығы, Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 112 бет.

Дата поступления статьи в редакцию 06.06.2016